


Мерейтой

КҮРЕСТЕН БАР БАҚЫТЫН ТАПҚАН ДАРЫН

Ақадыр кентіндегі Зәкір Көкжалов атындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі экстра класты төреші Сейсенбай Жанасыловтың 50 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын болды. Оған кент тұрғындары, сырттан келген қонақтар, туған-туыстары мен әріптестері қатысты.

Жиында аудан әкімдігі атынан, аудан әкімінің орынбасары Б. Төлеуқұлов құттықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ, "Жаңа Мырыш" ЖШС-нің бас директоры, облыстық Мәслихаттың депутаты М.Баданов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы бастығының орынбасары Е.Халилин, облыстық "Жас сұңқар" спорт мектебінің директоры Ж.Байшолақов, Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы, ҚР самбо федерациясының Президенті М.Оңдағанов, Ақтөбе облыстық дене шынықтыру басқармасының бастығы А.Құлмағанбетов, Қырғызстан Республикасының жаттықтырушысы Артур Сон, Өзбекстан Республикасының жаттықтырушысы, самбо күресінен әлемнің үш дүркін чемпио-

Заман.- 2007.- 22 қараша (№47).-5 б.



ны Шухрат Ходжаев, Ақадыр кентінің әкімі Ж. Мағзиев, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің меңгерушісі А.Қызылов, суырып салма айтыскер ақын Мақсат Аханов құттықтап, мерейтой иесіне сыйлықтарын тапсырып, Қазақи дәстүрмен иығына шапан жауып, арнауларын айтты.

Мерейтойдың шырайын енгізген елеулі оқиға Қазақстан Республикасының туризм және спорт Министрі Т.Досмұхамбе-

товтың бұйрығымен Сейсенбай Қапасұлына "ҚР-ның Құрметті спорт қайраткері" атағы берілгені жөнінде облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының орынбасары Е.Халилин бұйрықпен таныстырып, төс белгіні табыстады.

Е.АҚЫЖАНОВ,
спорт бөлімінің бас маманы.